

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесі туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 маусымдағы N 1099 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.03.04 № 931 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Жарлығымен.

" Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында "
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге әрі іске асыруға бірыңғай ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережесі (бұдан әрі - ереже) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру кезінде осы ережені басшылыққа алсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы

№ 1 0 9 9 Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу және іске асыру ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламаларды (бұдан әрі - мемлекеттік бағдарлама) әзірлеуге және іске асыруға біртұтас ұстанымды қамтамасыз ету мақсатында қабылданды және мемлекеттік бағдарламалар жобаларын қалыптастырудың ұйымдастырушылық-әдістемелік

негіздерін, жалпы принциптерін, оларды әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік бағдарламалар неғұрлым ауқымды әрі маңызды экономикалық, әлеуметтік және басқа да міндеттерді шешуге бағытталған өзара байланысты шаралар кешенін айқындайды, мақсаттарды нақты айқындауға негізделеді және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларында айқындалған ұзақ мерзімді басымдықтарды ескере отырып, алға қойған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін күтілетін нәтижелер көрсетіліп, мерзімдері, ресурстары және орындаушылары бойынша келісілген іс-шаралар жүйесін қамтиды.

3. Мемлекеттік бағдарламалар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының құрамында бекітілетін Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы және әзірленетін мемлекет және салалық (секторалдық) бағдарламалар тізбесіне (бұдан әрі - тізбе) енгізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес мемлекеттік бағдарламаны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Мемлекет басшысы не оның уәкілеттік беруімен Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, құзыретіне:

бағдарламаларды әзірлеу жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметіне әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;
тізбені жасауды және одан әрі жүргізуді жүзеге асыру;
бағдарламалардың орындалуына жалпы бақылауды жүзеге асыру;
бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды жүргізу енетін бағдарламалар жөніндегі уәкілетті органды (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындайды.

Уәкілетті органның құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды олар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен бірлесіп жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бағдарламаларға қойылатын негізгі талаптар

6. Мемлекеттік бағдарламалар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заң актілеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу жалпыұлттық сипаттағы неғұрлым

маңызды міндеттерді шешуге және мемлекеттің қорғаныс қабілетін, құқық тәртібін, заңдылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған салааралық сипаты бар мәселелер бойынша жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік бағдарламаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдар әзірлейді.

8. Мемлекеттік бағдарламалар орта мерзімді (кемінде 3 жыл) немесе орта мерзімді үш жылдық кезеңдерді міндетті түрде бөле отырып, 3 жылдан астам ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді.

Ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары тиісті орта мерзімді кезеңдерге арнап жасалады.

9. Мемлекеттік бағдарламалар мынадай негізгі белгілерге ие болуға тиіс:

1) мемлекеттік бағдарламаның нақты мақсаттарын, оны іске асыру жолдары мен тетіктерін айқындаудың нақтылығы;

2) бағдарламалық іс-шаралар мен тапсырмалардың атаулылығы, оларды іске асыру мерзімдерінің нақты айқындалуы және дәйектілігі, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдар ұстануы;

3) басқа бағдарламалармен келісушілікке қол жеткізу;

4) қаржы, еңбек және техникалық ресурстардың және оларды қамтамасыз ету көздерінің теңгерімділігі.

10. Мынадай :

1) негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерге проценттік арақатынаспен берілген шығыстар көлемін регламенттейтін;

2) тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттер қабылданғаннан кейін олардың кірістерін кемітуге және (немесе) шығыстарын ұлғайтуға әкеп соғатын;

3) Республикалық бюджет комиссиясының қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлінісінде қаржыландыру көлемі бойынша оң қорытындысы жоқ;

4) қолданыстағы бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ осы бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды қайталайтын;

5) жекелеген саланың немесе нақты өңірдің (қаланың, аумақтың) проблемаларын шешуге бағытталған;

6) осы Ережелердің 6 және 9-тармақтарында белгіленген талаптар сақталмаған кезде мемлекеттік бағдарламаларды бекітуге жол берілмейді.

3. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы

11. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт (негізгі параметрлер);

2) кіріспе;

3) проблеманың қазіргі жай-күйін талдау;

- 4) мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері;
- 5) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі;
- 6) қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері;
- 7) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже және оның индикаторлары.

12. Паспортта: атауын, әзірлеу негіздемесін, мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның көрсетілуін, мақсаты мен міндеттерін, іске асыру мерзімдерін (кезеңдерін), қаржыландыру көлемі мен көздерін, күтілетін нәтижелерді қамтитын мемлекеттік бағдарламаның негізгі параметрлері сипатталады.

13. Кіріспеде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеудің негіздемесі мен қажеттілігі көрсетіледі.

14. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау сандық және сапалық сипаттамаларды, күшті және әлсіз тұстарын, орын алып отырған проблемаларды, алдыңғы өткен бірнеше жылғы қарқындағы негізгі көрсеткіштерді көрсетуге, сондай-ақ осы проблеманы шешу жөніндегі Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін шетелдік оң тәжірибені шолуды қамтуға тиіс.

15. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері дәл және нақты болуға тиіс.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық және индикативтік жоспарларына негізделе отырып қалыптасады.

Міндеттер алға қойылған мақсатқа неғұрлым тиімді әдістермен қол жеткізу жолдарын айқындайды.

16. Мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асыру тетіктерінде орын алып отырған проблемаларды шешу жөніндегі жұмыстардың негізгі бағыттары мен құралдардың тізбесі, сондай-ақ алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жөніндегі тетіктер көрсетіледі.

17. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты, мемлекеттік заемдар, мемлекеттік кепілмен тартылатын мемлекеттік емес заемдар, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, халықаралық қаржы экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары, екінші деңгейдегі банктердің кредиттері, ұйымдардың жеке қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер болуы мүмкін.

Мемлекеттік бағдарлама республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылған жағдайда үш жылдық кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштеріне сәйкес жылдар, іс-шаралар және қаржыландыру көздері бойынша қаржыландырудың нақты көлемі

к ө р с е т і л у і

т и і с .

18. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже: мемлекеттік бағдарламаны тұтас алғанда және кезең-кезеңмен іске асыру нәтижесінде қол жеткізілуі мүмкін материалдық және материалдық емес өзгерістерде;

мемлекеттік бағдарлама қол жеткізуге бағытталған сапалық және сандық параметрлерді сипаттайтын индикаторларда (болжамды көрсеткіштерде) көрініс б е р е д і .

Индикаторлар бақыланатын және тексерілетін, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша анықталатын болуға тиіс.

4. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту тәртібі

19. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу мен бекітудің мынадай:

1) ұ й ы м д а с т ы р у ш ы л ы қ ;

2) мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеу;

3) мемлекеттік бағдарламаны келісу және бекіту кезеңдері көзделеді.

У 0 9 0 8 2 7

20. Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеудің ұйымдастырушылық кезеңі м ы н а л а р д ы қ а м т и д ы :

1) мемлекеттік бағдарламаның жобасын тізбеге енгізу үшін уәкілетті органға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының жобасын қалыптастыратын жылдың алдындағы жылдың 5 желтоқсанынан кешіктірмей ұсыныстарды жолдау. Ерекше жағдайларда көрсетілген мерзімді Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі ұзартуы м ү м к і н .

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын әзірлеу кезеңінде уәкілетті орган кейіннен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу үшін әзірленетін мемлекеттік бағдарламалар тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді;

2) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органды а й қ ы н д а у .

Қажет болған кезде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мүдделі мемлекеттік органдардың және ұйымдардың өкілдерінен тұратын, мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрылады;

3) мемлекеттік бағдарлама әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган басшысының құжаттарды (мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді үйлестіру жоспары, мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, оның тұжырымды ұстанымдары, мемлекеттік бағдарламаның негізгі бөлімдерінің құрылымы)

оларды кейіннен мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушы ұйымдарға жолдай отырып, бекітуі.

21. Мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеу кезеңі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның сұратулары негізінде мемлекеттік бағдарламаны бірлесіп орындаушы ұйымдардың әзірленіп жатқан мемлекеттік бағдарламаға, оның ішінде оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар бөлімдеріне, мақсаттарына, міндеттеріне және жоспарына оның тұжырымды ұстанымдары бойынша ұсыныстар беруді;

2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың ұсыныстары негізінде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның мемлекеттік бағдарламаның жобаларын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын дайындауды көздейді.

22. Мемлекеттік бағдарламаны келісу кезеңі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның, консультативтік-кеңесші органның мемлекеттік бағдарлама жобаларын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберуін;

2) мемлекеттік бағдарлама жобаларын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қаржыландыру көздері мен мерзімдері бөлінісінде бағдарламалық іс-шараларды қаржыландыру көлемі бойынша қорытынды алу үшін Республикалық бюджет комиссиясына жіберуді қамтиды.

Егер мемлекеттік бағдарламаның жобасы республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыруды талап ететін жағдайда, ол бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кезеңінде тиісті бюджет комиссияларына енгізіледі.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру болжанатын мемлекеттік бағдарлама жобасында көзделген іс-шаралар тиісті бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімінде ұсынылатын бюджеттік бағдарламалармен ұштастырылуға тиіс.

23. Мемлекеттік бағдарламаны бекіту кезеңі:

1) мемлекеттік бағдарламаның жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынуды;

2) мемлекеттік бағдарламаның жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсынуды;

3) мемлекеттік бағдарламаны Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуін қамтиды.

24. Бағдарламаларды әзірлеу процесін бюджеттік процеспен үйлестіру мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлеудің, келісудің және бекітудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

І тоқсанда - әзірлеу;

II - III тоқсандарда - алдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде негізделген қаржылық есеп айырысуларды бере отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерінің құрамында Республикалық бюджет комиссиясымен келісу және оның қарауына енгізу;

IV тоқсанда - бекітуге енгізу.

5. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, оларға мониторингті жүзеге асыру және оларды іске асыруды бағалау тәртібі

25. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- 1) мемлекеттік бағдарламаны іске асыру;
- 2) тұрақты мониторинг жүргізу;
- 3) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;
- 4) мемлекеттік бағдарламаны аяқтау (жалғастыру) туралы шешім қабылдау.

26. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру процесі:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітуден;

2) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік бағдарламаны және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы шешімдерін тиісті мемлекеттік органдардың назарына жеткізуден;

3) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның мемлекеттік бағдарламаны және оның іс-шаралар жоспарын бірлесіп орындаушы ұйымдармен бірге іске асыруынан;

4) қажет болған кезде мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Мемлекет басшысына мемлекеттік бағдарламаға түзетулер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындаудан тұрады. Бұл ретте тиісті бюджеттен қаржыландыру көлемін өзгертетін түзетулер тиісті бюджет комиссиясымен келісуді талап етеді.

27. Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру процесі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысына тұрақты мониторингті жүргізуінен;

2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың мемлекеттік бағдарламаның өздеріне бекітілген бөлімдерін және іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау жөніндегі есептерін мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік

органға белгіленген мерзімдерде ұсынуынан;

3) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті органға мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі есептерді кезең-кезеңімен беруінен және қажет болған кезде оған өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындаудан тұрады.

28. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган (ішкі бағалау) және уәкілетті орган (сыртқы бағалау) жүргізеді.

Бағалауды жүргізу процесі:

- 1) мемлекеттік бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын іске асыру барысын;
- 2) материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігін;
- 3) жоспарланған міндеттер мен индикаторларға қол жеткізу дәрежесін;
- 4) мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын талдаудан тұрады.

Уәкілетті орган жауапты мемлекеттік орган ұсынатын мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысы туралы есептерді талдайды және қажет болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік бағдарламаны одан әрі іске асырудың орындылығы туралы қорытынды береді.

Уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сыртқы бағалауды жүзеге асыру үшін шарт негізінде ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарды тартуға құқығы бар.

29. Мемлекеттік бағдарламаны аяқтау (жалғастыру) туралы шешім қабылдау кезеңі:

1) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның бірлесіп орындаушылармен бірге мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу нәтижелері туралы түпкілікті есеп дайындауын, онда:

мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында қол жеткізілген нәтижелер;
мемлекеттік бағдарламаның жоспарланған міндеттері мен индикаторларына қол жеткізу дәрежесі;

мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға мультипликативтік әсері көрсетілуі тиіс;

2) мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның оны аяқтау немесе іске асыруды жалғастыру қажеттігі туралы ұсыныспен бірге мемлекеттік бағдарламаны іске асыру нәтижелері туралы түпкілікті есепті немесе жаңа мемлекеттік бағдарламаның әзірлемесін Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне және уәкілетті органға ұсынуынан;

3) мемлекеттік бағдарламаны іске асыру туралы түпкілікті есепті олардың

қ а р а у ы н ;

4) мемлекеттік бағдарламаның аяқталғаны және оны бақылаудан алу туралы немесе оны іске асыруды жалғастыру немесе жаңа мемлекеттік бағдарлама әзірлеу туралы шешім қабылдауды қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК